

Тілі: қазақ - قازاقى - 01/78

**Адамдық болмыс
үндейтін әрі
шариғат бекіткен
құқықтардың
қысқаша түсіндірмесі**

Автор: шейх Ибн Усаймин
(Аллаһ оны рахым етсін)

Қысқартқан шейх, доктор Хайсам

Мәдина қаласындағы Пайғамбар
Мешіті жанындағы институттың
бұрынғы ұстазы,
"Сунна институтының" жетекшісі

Бастырып шығаруға құқықтар ашық

Кітапшаны аудару үшін : sunnah.com штрих-кодты өшіріңіз



1 - Аллаһ Тағаланың құқығы:

Аллаһ Тағаланың құқығы - адамның тек жалғыз Оған ғана құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауы, әрі Оның әмірлерін орындайтын және Оның тыйымдарынан тыйылатын әрі Оның хабарлаған нәрселеріне сенетін, Оған мойынсұнатын және Оған тағзым-итағат ететін құл болуында.

Аллаһтың құқығын орындау адамның дұрыс наным-сенімге ие болуында, ақиқатқа сенуінде әрі жемісті салиқалы іс-амалдар жасауында көрініс табуы керек. Наным-сенімнің тіректері Аллаһқа деген махаббат және Аллаһты ұлықтау, ал оның жемістері ықылас (Аллаһқа тек Оның разылығы үшін құлшылық ету) әрі ғибадаттағы тұрақтылық болып табылады.

2- Аллаһ Елшісінің ﷺ құқығы:

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқығы өзінің құрамына оны артық кетушіліксіз және салғырттықсыз, лайықты түрде ерекше қадірлеп құрметтеуді және ұлықтауды қамтиды. Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқығы оның өткен замандағы және болашақта болатын хабарларын ақиқат және шындық деп сенуді,

ол бұйырған нәрселерге мойынсұнуды әрі ол тыйым салған және ескерткен нәрселерден тыйылуды, оның жолы ең кәміл жол екеніне шәксіз сенуді және оның Шарифаты мен жолын қорғауды меңзейді.

3. Ата-ана құқығы:

Расында, ата-анаңның сендегі қақысы сенің оларға ізгі қарым-қатынас жасауыңда, сөзбен және іспен жақсылық жасауыңда, оларға мал-мүлікпен және қолыңмен аямай көмек көрсетуіңде, және Аллаһқа мойынсұнбушылық болмайтын әрі өзіңе зиян келтірмейтін барлық нәрселерде оларға бағынуың.

4-Балалардың құқықтары:

1 - Баларды тәрбиелеу: балаларда болашақта діндарлық пен адамгершілік сипаттары үстем болуы үшін, олардың бойларында осы сипаттарды ертеден дамыту.

2 - Ата-ананың өз мал-мүліктерінен оларға бысырапсыз әрі сараңдықсыз қаражат жұмсауы.

3 - Ата-анаңның балаларына сыйлық берулерінде олардың әлдебіреуін басқаларынан артық көрмеуі.

5-Ағайын-туыстың құқықтары:

Ағайын-туыстың қақысы адамның олармен әдет-ғұрыпта қалыптасқан үлгіде туысқандық қатынастарды үзбей ұстап, оларға жақындық дәрежесіне және мұқтаждықтарына сәйкес абырой-мәртебесімен, мал-мүлкімен және қолымен көмек көрсетуін меңзейді.

6-Ерлі-зайыптылардың құқықтары:

Ерлі-зайыптының әрбіріне келесі нәрселер борыш болып табылады: жақсы қарым-қатынаспен тұрмыс құру, өз міндеттерін сабырлықпен, жұбайына жеңілдік жасап, қаламаушылық танытпай және олардың орындалуын кейінге кешіктірмей орындау. Әйел күйеуінің оған ақша жұмсауына және оны тамақпен, киіммен, тұратын жермен және жоғарыда келтірілген нәрселерден келіп шығатын барлық заттармен қамтамасыз етуіне құқықты. Сол сияқты күйеуі, егер оның бірнеше әйелі болса, олардың арасында әділдік танытуға міндетті. Күйеуі әйелінің оған Аллаһқа мойынсұнбаушылық болмайтын нәрселерде бағынуына,

әрі күйеуі жоқ кезінде өзін ол үшін сақтауына және оның мал-мүлкін асырап-сақтауына құқықты. Әрі әйел күйеуінің одан ләззат алуын тежейтін еш нәрсе жасамауы керек.

8 - Әмірлер мен билік астындағылардың құқықтары:

Билік астындағы адамдар әмірлердің Аллаһ оларға жүктеген міндеттерін атқаруларына құқықты. Бұған ел билеушілердің өз қол астындағы адамдарға ықыластылық танытуы және оларды дүниелік өмір мен ақыретте пайда келтіретін дұрыс әрі сенімді жолға бағыттап отыруы да кіреді. Ал бұған тек мұминдердің жолымен жүру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ел билеушілері өз қол астындағылардың оларға қатысты міндеттерін орындауда ықыласты болуларына, егер билеушілер әлдебір нәрселерде байқаусыздық танытып жатса, оларға насихат жасауларына, әрі егер олар ақиқаттан ауытқып жатса, олар үшін Аллаһқа дұға етулеріне, және олардың Аллаһқа мойынсұнбаушылық болмайтын бұйрықтарын орындауларына әрі оларға көмектесулеріне құқықты.

8-Көршілердің құқықтары:

Көрші - бұл сенің жаныңда өмір сүретін адам. Сен оған жақсы қарым-қатынас көрсетуің керек, мүмкіндігің болса, оған қаражат жұмсауың, оған өз абырой-мәртебеңмен көмектесуің, оған пайда келтіруің әрі өзіңді оған сөзбен немесе іспен зиян тигізуден тыюың керек.

1- Ал егер ол сенің ағайының әрі мұсылман болса, онда оның сенде үш қақысы бар: көршілік қақысы, туысқандық қақысы әрі ислам қақысы.

2- Егер ол туысқаның емес, бірақ мұсылман болса, онда оның сенде екі қақысы бар: көршілік қақысы және ислам қақысы.

3- Егер ол ағайының болса, бірақ мұсылман емес болса, онда оның сенде екі қақысы бар: көршілік және туысқандық қақылары.

4- Ал егер ол ағайының да емес, мұсылман да емес болса, онда оның сенде бәрібір бір қақысы - көршілік қақысы сақталады.

9-Мұсылмандардың жалпы құқықтары:

Мұсылмандардың сендегі құқықтары келесілерді қамтиды: оларға сәлем беруің; олардың әлдебіреуі сені қонаққа шақырса, шақыруына жауап беруің; егер сенен ақыл-кеңес сұраса, кеңес беруің; егер мұсылман адам түшкіріп, ізінен: "Әлхамду ли-Лләһ (Бүкіл мақтау Аллаһқа)", - деп айтса, оған: "Ярхамука-Лләһ (Аллаһ сені рахым етсін)", - деуің, егер ол ауырып қалса, оның көңілін сұрап зиярат етіп баруың; егер мұсылман адам қайтыс болса, оның жаназасына қатысуың; әрі өзіңді мұсылмандарға зиян тигізуден тыюуың.

Мұсылмандардың бір-біріне қатысты міндеттері көп, алайда олардың барлығы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): "Мұсылман мұсылманның бауыры", - деген сөздерінде жиналады. Әрі егер ол осы бауырластықты ұстанатын болса, онда өз бауырына пайда тигізетін әрі одан кез-келген зиянды алыстататын барлық нәрсені істеуге тырысатын болады.

10-Мұсылман еместердің құқықтары:

Мұсылмандардың әмірі (елбасшысы) олардың арасында тек Ислам заңы бойынша сот жүргізуі әрі біреудің өміріне, мал-мүлкіне және ар-намысына қатысты тек соған сәйкес үкім шығаруға міндетті. Және ол олардың тыйым салынған деп санайтын істеріне қатысты жазаларды орнатуы керек. Әрі мұсылман билеушісі олардың қорғалуын қамтамасыз етуі және оларды кез-келген зиянкестіктен қорғауы керек. Мұсылман елінде өмір сүретін мұсылман еместер мұсылмандардан өз киімдерімен ерекшеленуі әрі Исламда айыпты болып саналатын нәрселерін ашық көрсетпеулері немесе өздерінің шіркеу қоңыраулары немесе крест сияқты әлдебір діни рәсімдерін ашық орындамаулары керек.

Мазмұны:

1- Аллаһ Тағаланың құқығы.....	1
2- Аллаһ Елшісінің ﷺ құқығы.....	1
3- Ата-ананың құқықтары.....	2
4- Балалардың құқықтары.....	2
5- Ағайын-туыстың құқықтары.....	3
6- Ерлі-зайыптылардың құқықтары.....	3
7- Әмірлер мен қол астындағылардың құқықтары..	4
8- Көршілердің құқықтары.....	5
9- Мұсылмандардың жалпы құқықтары.....	6
10-Мұсылман еместердің құқықтары.....	7



Сунна Институты
mahadsunnah.com



Шейхтың
сайты
alsarhaan.com



+966504250337



mahadsunnah